

Капитал нарығы

Айлық шолу

2024 жылғы сәуір

МАЗМҰНЫ

1 ҚЫСҚА ШОЛУ

АХҚО БИРЖАСЫ

- Бөлшек инвесторлар және сауда мүшелері
- AIX QAZAQ Index
- Жалпы шолу
- Акциялар нарығы
- Боротық бағалы қағаздар нарығы



ҚЫСҚА ШОЛУ

2024 жылғы сәуірде АХҚО биржасында жаңа сауда мүшелері санының артуы және саудаланатын борыштық қағаздар көлемінің едәуір ұлғаюы есебінен жақсы өсім байқалды. Сондай-ақ бөлшек инвесторлар санының, AIX Qazaq Index мәнінің және нарықтық капиталдандыру көлемінің өсуі байқалды.

АХҚО БИРЖАСЫНЫҢ САУДА МҮШЕЛЕРІ

АХҚО биржасының сауда мүшелерінің саны 37-ден 40-қа дейін өсті

40
Сауда мүшесі

+1 жаңа

Жергілікті сауда мүшесі

+2 жаңа

Еуропадан сауда мүшесі

БОРЫШТЫҚ ҚАҒАЗДАРМЕН САУДА-САТТЫҚ КӨЛЕМІ

АХҚО биржасында саудаланатын борыш көлемі \$123 млн құрады, бұл өткен жылғы сәуірдегі көрсеткіштерден (\$17 млн) 7,5 есе жоғары

\$123
млн

+7 жаңа

2024 жылғы сәуірдегі борыштық қағаздар листингтері

+4 жаңа

2024 жылғы сәуірдегі борыштық қағаздар эмитенті

AIR ASTANA AIXQI-ға ҚОСЫЛДЫ

2024 жылғы сәуірде AIXQI индексінің құрамдас бөліктері өзгерді: индекске Air Astana акциялары қосылды, олардың үлесіне индекс мәнінің 3,3% тиесілі

1 334
Индекс мәні

+10%

Жыл басынан бері AIXQI индексінің өсуі

ASTANA INTERNATIONAL EXCHANGE

Astana International Exchange (АХҚО биржасы) 2017 жылы «Астана» халықаралық қаржы орталығын (АХҚО) дамыту аясында құрылған.

АКЦИОНЕРЛЕР

- АХҚО әкімшілігі
- Шанхай қор биржасы
- Жібек жолы қоры
- NASDAQ

ӨНІМДЕР

- Акциялар
(IPO/SPO, Pre-IPO, аймақтық акциялар нарығының сегменті, Junior Mining, «Белдеу және Жол» сегменті)
- Борыштық құралдар
(мемлекеттік облигациялар, жеке орналастырулар (exempt/wholesale), исламдық және жасыл облигациялар)
- Құрылымдалған өнімдер (ETF, ETN)

АРТЫҚШЫЛЫҚТАР


- Шетелдік инвесторларға жақсы таныс әрі түсінікті реттеуші режим
- Әлемдік деңгейдегі инфрақұрылым
- NASDAQ жоғары технологиялық сауда платформасы

БӨЛШЕК ИНВЕСТОРЛАР ЖӘНЕ САУДА МҮШЕЛЕРІ

2024 жылғы сәуірде бөлшек инвесторлар АХҚО биржасында 16 мың шот ашты, ал бөлшек инвесторлардың жалпы саны 1,73 млн. құрады. АХҚО биржасының сауда мүшелерінің саны 1 жергілікті және Еуропадан 2 сауда мүшелерінің келуімен 37-ден 40-қа дейін өсті.



Бөлшек инвесторлар – басқа тұлғалардың ұйымдарының өкілдерінен немесе қаражаттарын басқарушылардан айырмашылығы, қаржы нарықтарында өз қаражаттарын инвестициялайтын жеке тұлғалар.



АХҚО биржасының сауда мүшелері АХҚО биржасында қаржы құралдармен (акциялармен, облигациялармен) сауда жасауға құқылы. Олар өз клиенттерінің атынан мәмілелер жасайды.

AIX QAZAQ INDEX

2021 жылы іске қосылған AIX Qazaq Index (AIXQI индексі) қазақстандық және Қазақстанмен байланысты компаниялардың акциялары мен жаһандық депозитарлық қолхаттарынан (GDR) тұратын нарықтық капиталдандыру бойынша өлшенген индекс болып табылады. 2024 жылдың сәуірінде индекс көрсеткіштері шамалы өсіп, рекордтық көрсеткішке – 1 334-ке жетті. AIXQI индексінің құрамдас бөліктері өзгерді: индекске Air Astana акциялары қосылды, олардың үлесіне индекс мәнінің 3,3% тиесілі.

AIXQI ИНДЕКСІНІҢ МӘНІ

1 334

Индекс мәні


+0.3%

2024 ж.
сәуірдегі
өсім



Индекстің мәні қаржы нарықтарының жай-күйін бағалаудың негізгі көрсеткіші.

AIXQI ИНДЕКСІНІҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІ



Индекске енгізілген компаниялар – бұл бизнестен түсетін кірістері ішінара немесе толығымен Қазақстанда пайда болатын Қазақстанда тіркелген компаниялар немесе операциялық қызметтерінің елеулі үлесі Қазақстанда шоғырланған компаниялар.

* 2024 жылғы сәуірдегі акциялар құнының өзгеруі

ЖАЛПЫ ШОЛУ

2024 жылдың алғашқы 4 айында АХҚО биржасындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі өткен жылдың көлемінен асып, \$599 млн құрады. Салыстыру үшін 2023 жылы нарық қатысушылары \$582 млн-ға сауда жасады. Нарықтық капиталдандыру өсуін жалғастыруда және 2024 жылдың сәуірінде \$73 млрд-қа жетті.


САУДА-САТТЫҚТЫҢ ЖИЫНТЫҚ КӨЛЕМІ

\$136M

2024 г. жылғы
сәуірдегі сауда-
саттықтың
жиынтық көлемі

4,5 есе көп

2023 ж. сәуірмен
салыстырғанда



Сауда-саттықтың жиынтық көлемі – бұл қор биржасында сатылатын барлық акциялардың сомасы. Әдетте, сауда-саттық көлемінің жоғары деңгейі жоғары өтімділікті көрсетеді, бұл инвесторларға акцияларды сатып алуды немесе сатуды жеңілдетеді.


НАРЫҚТЫҚ КАПИТАЛДАНДЫРУ

\$73 млрд

Нарықтық
капиталдандыру

+1,3%

2024 ж.
сәуірдегі өсім



Биржаның нарықтық капиталдандырылуы қор биржасында сатылатын акциялар нарығының жалпы құны мен көлеміне шолуды білдіреді.

АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫНА ШОЛУ

2024 жылғы сәуірде АХҚО биржасында саудаланатын акциялардың көлемі аса үлкен болмады, өткен жылғы сәуірдегі көрсеткішке ұқсас \$13 млн құрады.

ЛИСТИНГТЕР МЕН ЭМИТЕНТТЕР

20

Листингтердің жалпы саны



Биржада орналастырылған компаниялардың (эмитенттердің) және листингтердің көбеюі, әдетте, нарықтың өтімділігін арттырады, бұл инвесторларға құнды мейілінше жоғалтпай акцияларды сатып алуға және сатуға мүмкіндік береді.


САУДА-САТТЫҚ КӨЛЕМІ

\$13 млн

2024 ж. сәуірдегі акциялар сауда-саттығының көлемі

Дәл сондай

2023 ж. сәуірдегідей сауда-саттық көлеміндей




Акциялардың сауда-саттық көлемі – бұл белгілі бір уақыт аралығында қор биржасында сатып алынған және сатылған компания акцияларының жалпы саны.


ТОП-5 АКЦИЯ

ҚҰН ӨСІМІ ЕҢ ЖОҒАРЫ ҮЗДІК 5 АКЦИЯ


OZON




ҚазМұнайГаз



Halyk Bank




Банк ЦентрКредит Қазатомөнеркәсіп




ЕҢ КӨП САТЫЛАТЫН 5 АКЦИЯ *


Polymetal




Air Astana



Қазатомөнеркәсіп



Halyk Bank




ҚазМұнайГаз




* Сауда-саттықтың жалпы көлемінен үлес (акциялар + GDR)

БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНА ШОЛУ

2024 жылдың сәуірінде борыштық бағалы қағаздар листингтері мен эмитенттер санының өсуі тіркелді: 7 жаңа листинг пен 4 жаңа эмитент. АХҚО биржасында борыштық құралдармен сауда-саттық көлемі \$123 млн-ға жетті, бұл өткен жылдың ұқсас кезеңіндегі сауда-саттық көлемінен (\$17 млн) 7,5 есе көп.



Қолжетімді борыштық бағалы қағаздардың мол болуы инвесторларға инвестициялардың кең таңдауын ұсынады.



Борыштық қағаздармен сауда-саттық көлемі – белгілі бір кезең ішінде қаржы нарықтарында сатып алынатын және сатылатын борыштық бағалы қағаздардың жалпы сомасы.

ТАРТЫЛҒАН БОРЫШТЫҚ КАПИТАЛ

АХҚО биржасында тартылған борыштық капиталдың көлемі \$38 млн-ға ұлғайып, \$4,4 млрд құрады. Салалар бойынша инвестициялардың бөлінісі өзгеріссіз қалды, мына бағыттар көшбасшылықты сақтап қалды: инвестициялық қызмет, мұнай мен газ және мемлекеттік бағалы қағаздар.


БОРЫШТЫҚ КАПИТАЛ

\$4,4 млрд

Тартылған
борыштық
капитал


+\$38 млн

2024 ж. сәуірде
тартылған
борыштық
капитал



Борыштық капитал – бұл компаниялар инвесторлар үшін облигациялардың әртүрлі түрлерін шығару арқылы тартатын қаражат.

САЛАЛАР БОЙЫНША БӨЛІНІС



Салалар бойынша бөлініс белгілі бір салалардың тартылған борыштық капиталдың жалпы көлемінен қанша үлесін алатынын көрсетеді.

The chart displays the average monthly interest rates of banks in the Republic of Kazakhstan from January 2023 to September 2024. The Y-axis represents the interest rate percentage from 0% to 40%. The X-axis shows the months from January 2023 to September 2024. Data points are labeled with bank names and currencies (USD, KZT, EUR). A black trend line shows a general upward trend, starting around 17% and ending around 15%. A blue trend line shows a general downward trend, starting around 4.5% and ending around 5%.

Month	Bank Name	Currency	Interest Rate (%)
Jan. 2023	KAZ Minerals Bozshakol	USD	6.5
Apr. 2023	KAZ Minerals Bozshakol	USD	4.5
May. 2023	AltynGold Plc	USD	6.5
Jun. 2023	KAZ Minerals Bozshakol	USD	4.5
Jul. 2023	GoldFinMarket	USD	13.5
Aug. 2023	GoldFinMarket	USD	11.5
Sep. 2023	GoldFinMarket	USD	13.5
Oct. 2023	GoldFinMarket	USD	11.5
Nov. 2023	Home Credit	USD	18.5
Dec. 2023	Home Credit	USD	15.5
Jan. 2024	Home Credit	USD	18.5
Feb. 2024	Home Credit	USD	15.5
Mar. 2024	Home Credit	USD	18.5
Apr. 2024	Home Credit	USD	15.5
May. 2024	Home Credit	USD	18.5
Jun. 2024	Home Credit	USD	15.5
Jul. 2024	Home Credit	USD	18.5
Aug. 2024	Home Credit	USD	15.5
Sep. 2024	Home Credit	USD	18.5

— АҚШ федералды қорының тиімді мөлшерлемесі *

12

ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН БАС ТАРТУ

Бұл ақпарат инвестициялық ұсыныс емес.

Осы материалдағы деректер жарияланған сәтте рас болып саналады, алайда біз оған кепілдік бермейміз.

Материалда берілген тұжырымдар мен қорытындылар бастапқы және қайталама көздерден адал жиналған және АХҚО олардың дәлдігіне әрқашан кепілдік бере алмайтын ақпаратқа негізделгенін назарға алыңыз.

Осы материалда баяндалған тұжырымдар, түсіндірулер мен қорытындылар міндетті түрде АХҚО әкімшілігінің ұстанымын білдірмейді. Берілген ақпарат тек жалпы танысуға арналған.

АХҚО әкімшілігі осы материалды өз мақсатыңызға пайдалану үшін оның нақты немесе болжамды құзыреттілігі, растығы, сенімділігі немесе жарамдылығы туралы ешқандай мәлімдеме жасамайды және сондай екеніне ешқандай кепілдік бермейді.

ЕСЕП АВТОРЛАРЫ

АХҚО әкімшілігі

- Бектұров Альтаир
Деректер аналитикасы департаментінің директоры (м.а.)
- Қарымсақов Тимур
Деректер аналитикасы департаментінің бас менеджері

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

- Сайт: www.aifc.kz
- АХҚО Биржасы: Markets@aix.kz
- Сауалдар: DataAnalytics@aifc.kz

АХҚО Биржасы

- Әбілқасым Бахтияр
Есептілік департаментінің менеджері

